

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 599 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 24 шілде N 821. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті мен Көліктік бақылау комитетінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 599 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 20, 221-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті туралы ережеде:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының авиациялық өкілетті органының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименталдық авиация қызметі саласындағы функцияларын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруды, азаматтық және эксперименталдық авиация қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, үйлестіру мен реттеуді және әуе кеңістігін пайдалануды" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

14) тармақшадағы "азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы қызметті лицензиялау;"

мынадай мазмұндағы 18-1), 18-2), 18-3), 18-4), 18-5), 18-6), 18-7), 18-8), 18-9), 18-10), 18-11), 18-12), 18-13), 18-14), 18-15), 18-16), 18-17), 18-18), 18-19), 18-20), 18-21), 18-22) және 18-23) тармақшалармен толықтырылсын:

"18-1) азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын қолдауды бақылау;
18-2) ұшу қауіпсіздігі ережесін, авиациялық қауіпсіздік ережесін және азаматтық авиация саласындағы өзге де нормативтік құжаттарды сақтауды

б а қ ы л а у ;

18-3) халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыруды бақылау;

18-4) халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында Қазақстан Республикасының өкілеттігін жүзеге асыру;

18-5) жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді және почтаны тасымалдау е р е ж е с і н б е к і т у ;

18-6) тұрақты ұшулар кестесін бекіту;

18-7) ішкі авиабағыттарды бекіту;

18-8) тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсаттар беру, сондай-ақ тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсаттар беру ережелерін және беруден бас тарту ү ш і н н е г і з д е р д і а н ы қ т а у ;

18-9) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша уақытша басқаруды енгізу және уақытша әкімшілік құру;

18-10) азаматтық әуе кемелерінің техникалық пайдаланылуын бақылау е р е ж е с і н б е к і т у ;

18-11) авиабағытты пайдалану шарттарын анықтау;

18-12) авиабағыттарға арналған куәліктер беру;

18-13) азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларын белгілеу;

18-14) авиациялық техниканы, әуеайлақтарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүліктік жалдауға, лизингке, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ өзге де п а й д а л а н у қ ұ қ ы ғ ы н а р ұ қ с а т б е р у ;

18-15) аса жеңіл авиация әуеайлақтарының жарамдылығын анықтау тәртібін бекіту және аса жеңіл авиацияның авиация қызметкерлеріне аттестация жүргізу;

18-16) бас әуе тасымалдаушысын анықтау ережесін әзірлеу;

18-17) ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтарды е с е п к е а л у д ы жү р г і з у ;

18-18) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді өз құзыреті шегінде қ а р а у ;

18-19) азаматтық авиация саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;

18-20) авиация қызметкерлерін қайта даярлау бағдарламаларын бекіту;

18-21) авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы мен мамандары лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

18-22) Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименталдық авиациясының аттестаттауға жататын авиация қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту және аттестация жүргізу;

18-23) киім нысанының үлгілерін (погонсыз) және айырым белгілерін, нысандық киімді кию тәртібін, олармен қамтамасыз ету нормаларын және оны киюге құқығы бар азаматтық авиация қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту;"

1 2 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдарынан және пайдаланушылардан қажетті ақпарат, құжаттар, оның ішінде қаржылық құжаттар сұрауға, сондай-ақ өз функцияларын орындау үшін қажет түсініктемелер мен материалдарды талап етуге;" ;

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2), 10-3) және 10-4) тармақшалармен толықтырылсын :

"10-1) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдарына және пайдаланушыларға авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде орындау мерзімін белгілей отырып, нұсқаулар және инспекторлық ұйғарымдар беруге;

10-2) борттық құжаттардың болуын, сондай-ақ шетелдікті қоса алғанда, азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкестігін тексеруге ;

10-3) авиация қызметкерлерінің куәліктерін, кеме, ұшу, әуеайлақ құжаттамасын және өзге де құжаттаманы тексеруге;

10-4) авиабағыттарды субсидиялау жөнінде ұсыныстар енгізуге;" .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і*